

Мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 8С-16/6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 наурызда № 8726-03 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы № 8С-46/4 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды – Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 19.12.2025 № 8С-46/4 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 2-тармағымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Шортанды аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шортанды ауданында "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабы 4-тармағының екінші абзацында белгіленген мөлшерлеме мөлшері 4%-дан 2%-ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Шортанды аудандық мәслихатының төрайымы

Г.Садвокасова